

Шектеу іс-шараларын тоқтату және Төлеби ауданы Кемеқалған ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 11 "Кемеқалған ауылдық округі Абай елді мекені Мектеп көшесінде бруцеллез бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Түркістан облысы Төлеби ауданының Кемеқалған ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 54 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 5 қаңтарда № 26338 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27- бабы 1-тармағына, Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңының 10-1-бабы 8) тармақшасына сәйкес, Түркістан облысы Төлеби ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 20 мамырдағы № 08-02-07/170 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Түркістан облысы Төлеби ауданы Кемеқалған ауылдық округінің Абай елді мекенінің Мектеп көшесінде бруцеллез ауруын жою жөніндегі ветеринариялық іс-шаралар кешенінің аяқталуына байланысты шектеу іс-шаралары тоқтатылсын.

2. Түркістан облысы Төлеби ауданы Кемеқалған ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 12 сәуірдегі № 11 "Кемеқалған ауылдық округі Абай елді мекені Мектеп көшесінде бруцеллез бойынша шектеу шараларын белгілеу туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6157 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Кемеқалған ауылдық округінің әкімі

Д. Дарибоев